

Астана қаласы әкімдігінің М.Әуезов атындағы «№86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудегі ТАЛДАМАЛЫ АНЫҚТАМА

Астана қаласы әкімдігінің «№86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК, құрамында жұмыс тобы: директордың орынбасары Туртаева Розаайым Тұрғынқызы, есепші Алиева Гүльнара Айташевна, іс жүргізуші Айгүл Исахановна 2022 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында Астана қаласы әкімдігінің «86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК (бұдан әрі кәсіпорын (немесе мекеме) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Ішкі талдау жұмыстары Астана қаласы әкімдігінің «№86 мектеп гимназия» ШЖҚ МКК директоры 2019 жылғы 16 тамыздағы №249 бұйрығы негізінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына 2015 жылғы қарашадағы №410-V ЗРК Заңына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін және мекеме жарғысын басшылыққа алады.

I. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУКЕЛДЕР

1. Мекеменің құрылымы:

1) Әкімшілік; 2) Кадр жұмысы және іс-жүргізу; 3) Қаржылық бөлім (бухгалтерлік есеп, мемлекеттік тапсырыс); 4) Білім беру және цифрландыру бөлімі; 5) Техникалық-экономикалық бөлім.

2. Мекеме қызметін талдау барысында нормативтік –құқықтық актілер мен құқықтық актілердің нормалары арасында сәйкессіздіктер жоқтығы анықталды.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы. Мекеменің штаттық кестесі Астана қаласы Білім басқармасының басшысымен 01.09.2019

жылы бекітілген. Талдау кезінде мекеменің педагогтарының нақты саны 187 адамды құрады, кіші қызметкерлер саны 36

Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы мемлекеттік мекемесіне сұхбаттасу жұмыстарын жүргізеді. Мекемедегі бос орынға мамандарды қабылдау мекеме басшысының 21.02.2012 жылдың №57 бұйрығымен бекітілген комиссия құрамымен жүзеге асырылған. Талданып отырған кезеңде 5 қызметкер (қызметкерлер) Қазақстан республикасының Еңбек кодексінің 56-бабының 1-тармағына сәйкес өз өтініштері негізінде жұмыстан шығарылған. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан ешқандай қызметкер босатылмаған. Қорытындысында, 2022 жылғы қаңтар-шілде айларындағы таза алмасушылығы 2,7 % (5 адам) құрайды. Алмасушылыққа қатысты «командалық қозғалыстар» анықталған жоқ. 2022 жылдың қаңтар-шілде айларында 4 қызметкер қабылданды. («Астана қаласының жұмыспен қамту орталығы» ШЖҚ МКК арқылы-4 (бірлік)).

2. Мүдделер қайшылығы Мекеменің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мүдделер қайшы келмейді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V ҚРЗ тікелей бағыныштылықтың мүдделер қайшылығы анықталмады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету Мемлекеттік қызметтер көрсету функциялары: 1. Оқушыларды мектепке қабылдау. 2. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында артық құжаттар тізбесі анықталмады. (Мекен-жай анықтамасы, ата-анасының жеке куәлігі, жұмыс орнынан анықтама және т.б.).

4. Мекемеге келіп түскен және заңды тұлғалардың өтініштері Мекеме азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 Заңына сәйкес жүзеге асырылды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін міндетті мерзімде қараудың және сапалы түрде жауап беру қамтамасыз етілген. Өтініштерді қарастыруда белгіленген уақытта орындалғаны анықталды. 2020 жылғы қаңтар-шілде айларында азаматтардың ауызша 9 және жазбаша 5 өтініштері тіркелген. Жауаптар уақытында берілген. 2020 ж. қаңтар-шілде айлары аралығында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыруға байланысты Мекеменің басшылығы мен қызметкерлерінің әрекеттеріне азаматтардан ауызша және жазбаша өтініштер болған жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру шеңберінде мекемеде жоспарға сәйкес қызметкерлер мен оқушыларға арналған іс-шаралар (дөңгелек үстелдер мен семинарлар) өткізілген.

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
2. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алудың бірыңғай сағаты »
3. «Қоғамдық тәртіп негіздері»
4. «Қазақстан-құқықтық мемлекет»
5. «Сіз өз құқыңызды білесіз бе?»
6. «Мақсатсыз еңбек моделі»
7. «Мемлекеттік қызмет-ел мүддесіне адал еңбек»
8. «Есеп берудің ашықтығы мен жағдайы»
9. «Сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтар картасы»
- 10.«Адал ұрпақ»
- 11.«Адалдық дүкені».

6. Мемлекеттік сатып алу Мекеменің интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етілген. Астана қаласы әкімдігінің «№86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын білім беру ұйымының сайтында жаңартылып отырады. Мемлекеттік сатып алу саласында барлық келісімшарттар веб-портал арқылы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының нормаларын сақтай отырып, 115 келісімшарт жасалған. Мемлекеттік сатып алу порталында қойылған. Қамқоршылық кеңес құрамында және ата-аналар жиналысында мектеп қаржысы оның орындалуы бойынша есеп беріліп отырылған. (хаттамалар тіркелген.) 7. Қорытынды талдау кезеңінде қызметкерлердің қызметтік, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобы:

Мектеп директоры: Б.С.Сыздыкова 

Директордың орынбасарлары:


Р.Т.Туртаева 

А.А.Толубекова 

Кәсіподақ төрайымы М.Л.Абилтаева 

Директордың шарушылық жөніндегі орныбасары 

Іс жүргізуші: А.И.Кудайбергенова 

Бас есепші: Г.А.Алиева 

Астана қаласы әкімдігінің «№86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК.